



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

Chanel No 5, 1922 жылы 5 мамырда шығарылды.

«Мен әрдайым өзімнің коллекциямды 5-ші айдың 5-ші күнінде шығарамын. Сол себепті иіс суларымды 5 саны маған сәттілік әкеледі» - Коко Шанель.

Hamsa қолы –Таяу Шығыста тараған тұмар. Мұсылмандар мен еврейлердің қолданатын тұмарары. Тұмарлар жамандық көзге түсетін сиқырлы қорғау ретінде пайдаланылады. Khamsa бес білдіреді. Тұмарда кішкене саусақ болмайды, осының орнына екі теңдестірілген бармақтары бар.

Еврейлер көбінесе «Мәриям Қол» деп атайды. Мәриям Мұса мен Аронның қарындасы. Ол сондай-ақ Тора 5 кітап болуы мүмкін

Мұсылмандар жиі оған қараңыз «Фатима қолы». Фатима профессор Мұхаммед қызы болатын. Ол сондай-ақ исламның 5 тірегін көрсетеді.

Бес саны – ерлік пен сайма – сайлықтың да көрінісі.

Мысалы; «бес қару, бес сайыс, бес аспан, бес саусақтың саласындай т.с.с.)

Бес санының исламдық ғұрыптағы мәні мынадан көрінеді. Мұсылман бес уақыт намазын қаза жібермеуге тиісті. Мұсылмандықтың да міндеті бесеу: иман келтіру, намаз оқу, ораза ұстау, қажылыққа бару, қайыр-садақа бері. Мұның бәрі тән менжан саулығын арттыру.

Біз сандар жайлы қызықты әрі ұғынымды мәліметтермен таныстық. Әр түрлі сандық жазбалардың айырмашылықтары мен ұқсастықтарымен таныстық. Тарихқы үңілдік. Сандардың жазуының пайда болуын және де даму тарихын қарастырдық. Осыдан сандардың адам өміріндегі маңызын ұғындық.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. J. J. O'Connor, E. F. Robertson. Arabic numerals. MacTutor History of Mathematics archive. School of Mathematics and Statistics, University of St Andrews, Scotland.
2. Florian Cajori. A history of mathematical notations. — 1993. — P. 50. — 385 p.
3. <http://mysticalnumbers.com/>

ӘОЖ 811.111

АҒЫЛШЫН ТІЛІ МЕН АРАБ ТІЛІНІҢ АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ МЕН ҰҚСАСТЫҒЫ

Шөптібай Айя Абылайқызы

aya.shoptibay@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, Халықаралық қатынастар факультетінің, шығыстану кафедрасының І-ші курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Кулахметова Жанна Ташевна

Ағылшын тілі – үндіеуропа тілдерінің батыс герман тілдер қатарына жатады. Алайда, оның мәртебесі басқа тілдерге қарағанда жоғары тұр. Ағылшын тілі әлемнің барлық ұлтын, нәсілін байланыстыратын тіл. Бүгінде көптеген мемлекеттер ағылшын тілін ұлттық тіл ретінде мойындаған. Нақты айтар болсақ, қазіргі таңда қырықтан астам мемлекет халықтары ағылшын тілінде сөйлейді. Мысалы, Америка Құрама Штаттары, Канада, Жаңа Зеландия, Ұлыбритания, Австралия елдерінің халықтары ағылшын тілін күнделікті өмірде қолданады.

Тіпті кейбір Азия мен Африка елдерінде де ағылшын тілін мемлекеттік тіл деп мойындап отыр. Дүниежүзілік деңгейде өтетін кез келген жиындар, спорт жарыстары, кездесулер, халықаралық сауда ағылшын тілінде жүргізіледі. Халықаралық декларациялар мен келісімшарттар құжаттары аталмыш тілде жазылады. Айта кетер жәйт, әлемнің Жапония, Корея сынды алпауыт елдері ағылшын тілін күнделікті қолданбаса да, өз елдеріне келген саяхатшыларға міндетті түрде ағылшын тілінде көмек көрсетуге тырысады. Көптеген әлемдік деңгейдегі жазушылар өз туындыларын ағылшын тілінде шығарады. Мысалға айтар болсақ, көптің көңілінен шыққан Артур Конан Дойлдың «Шерлок Холмс» кітабы. Сонымен

катар, киносүйер қауым сүйікті фильмдерін әлемдік тілде тамашалай алады. Ал заманауи техниканың тілі немесе экспортқа шығарылатын тауарлар туралы мәлімет осы тілде көрсетіледі. Яғни, барлық ақпарат ағылшын тілінде беріледі.

Антон Чехов айтқандай: «Білер тіл білмеген адам өзін пастпортсыз жандай сезінеді» [1]. Бұл дегеніміз адамның көп тіл білуінің маңызды екендігін көрсетеді. Ал, сол маңыздылық жауапкершілігін бүгінде ағылшын тілі орындап отыр. Кез келген турист немесе іс-сапармен келген адам ағылшын тілін еркін меңгеруі керек. Олай болмаған жағдайда өзімен аудармашының болуы маңызды. Ағылшын тілі әлемдік тіл болғандықтан, Біріккен Ұлттар Ұйымы 23 сәуірді «ағылшын тілі күні» етіп белгілеген. Бұл күн белгілі драматург Уильям Шекспирдің құрметіне берілген болатын.

Алты құрлыққа тараған ағылшын тілі - Біріккен Ұлттар Ұйымының қабылданған алты ресми тілінің бірі. Қалған бесеуі: орыс тілі, француз тілі, қытай тілі, араб тілі, испан тілі. Араб тілі мен ағылшын тілінің даму тарихын бір уақыттан бастап зерттесе болады. Ағылшын тілінің бастауы V-VI ғасырдан басталып, британ аралында тұрған сакс, ют, брит тайпаларынан басталады[2]. Айтып кететін жайт, бұл аралда қазіргі Ирландия мен Ұлыбритания елдері орналасқан. Араб тілі тарихының да бастауы, V-VI ғасырда араб түбегінде өмір сүрген көшпелі бедуиндерден басталады. VI-VII ғасырда екі тілде де ескерткіштер пайла бола бастады. Ол кезде ағылшындар руна жазбасын қолданатын еді. Оған дәлел ретінде ағашқа, мүйізге, тасқа, сүйекке ойып жазылған руна жазба ескерткіштері.

Араб тілі тарихында сол кезде қиссалар шығып, қағаз бетіне түсіріле бастаған болатын. Араб тілі мен ағылшын тілдерінің жазуы даму тарихына үлкен және көп өзгеріс енгізген құбылыс, ол - діндердің келуі болып табылады. VI-VII ғасырларда ағылшындардың арасында христиан діні тарала бастайды. Осы себептермен, ағылшын тілі жазуында руна жазуы қолданылыстан шығып, латын әліпбиі қолданыла бастайды. Араб халықтарының ерекшелігі – ислам дінінің келуі, араб мәдениеті мен араб жазуына өзгеріс енгізбей қоймады. VII ғасырда Құранның түсуімен, араб тіліне харақаттар енгізілді. Салыстыра айтқанда, әр түрлі екі халықтың тілі мен дінінде бір уақытта өзгерістер пайда болды. Егер тілдердің зерттеу кезеңдеріне келетін болсақ, ғасырлары сәйкес болмағанымен айырмашылықтары көп емес.

Ағылшын тілін зерттеуде маңызды үш кезең бөлінеді. Ежелгі ағылшындық VII-XI ғасыр, орта XII-XV және жаңа, яғни, XV ғасырдан қазірге дейін. Араб тілінің кезеңдері көп зерттелмегенімен, әдебиетпен тікелей байланысты. Себебі, тілдің дамуымен барлық өркениет дамиды. Араб тілі әдебиетінің дамуы төртке бөлінеді: классикалық араб тілі VI-XIV ғасыр, XII-XV ғасыр араб тілі, XIX- XX ғасыр араб тілі әдебиеті және қазіргі заман араб тілі әдебиеті.

Зерттеу жүргізілген, екі тілдің құрылысында да ұқсастығы бар. Фонетика саласы жайлы айтатын болсақ, ағылшын тілінде бір әріптің өзгеруге ұшырауынан сөздің толғымен мағынасы өзгеруі мүмкін. Араб тілінде де осы өзгешілікті айтып кетсек болады. Алайда, егер ағылшын тілінде жазылуына қарағанда, оқылуы басқанша болса, араб тілінде жазылуы бойынша, еш өзгеріссіз оқыла береді.

Грамматикада да бірнеше ұқсастықтары бар. Біріншіден, араб тілі мен ағылшын тілінде артикльдар белгілі немесе белгісіз халді білдіру үшін қолданылады. Екіншіден, ағылшын тілінде екі етістікті «to» қосымшасы арқылы жалғаса, араб тілінде «ан» қосымшасы көмекке келеді. Үшіншіден, ағылшын тілінде зат есімді көптік мағынада беру үшін «s» әрпі жалғанатыны бәріне мәлім. Алайда, бұл ережеге бағынбайтын бұрыс зат есімдері бар. Араб тілінде де, бұл ережені айтып кетсе болады.

Ағылшын тілін оқуға бел шешкен адамға, ең басты мәлімет ретінде жалпы ережеге бағынбайтын, бұрыс етістіктер тізбегін жаттауға береді. Араб тілінде де ережеге бағынбайтын етістіктер көп. Әрине, жасалу, қолдану әдістері әр түрлі болғанымен, екі тілдің ережесінде де «бұрыс етістіктер» терминінің кездесуі өте қызық. Ағылшын мен араб тілінде де, «сіз» деген сыпайы жіктеу түріне келетін сөз жоқ. Бірақ, аталмыш екі тілде де, «қыз» және «ер» тегі деп сөздер екіге бөлінеді.

Қарастырылып отырған екі тілдің де сөздік қорлары бай. Ағылшын тіліне көп ел мемлекеттік тіл статусын беріп отырса, араб тіліде жиырма екі елде мемлекеттік статусына ие болып отыр. Тілдердің кең қолдануына байланысты бірнешеге бөлінуін қалыпты жағдай десе де болады. Ағылшын тілі ағылшындық және британдық болып екіге бөлінеді. Араб тілі де, классикалық араб тілі мен диалекті араб тілі болып екіге бөлінеді. Бірақ, екі тілдің де әр елге тән өзіндік диалекті сөздері мен өзгерістері бар. Ағылшын тіліндегі «sugar» қант сөзі, араб тіліндегі қант сөзінің айтылуымен ұқсас келеді. Толығымен Жердің екі түрлі түкпірінде орналасқан елдердің қолдануындағы екі түрлі тілдердің арасынан көптеген ұқсастық табуға болады.

Көп қолданысқа ие ағылшын тілінің тек араб тілімен емес, басқа да тілдермен ұқсастығы көп. Осыған үлкен дәлел ретінде, басқа тілдер ағылшын тілінен көп сөздер қолданысқа алды. Тіпті, осындай кейбір сөздерге «халықаралық сөздер» мәртебесі берілген. Ағылшын тілі жапон тіліне де мол септігін тигізді. Егер жапон тілін тындасақ, ағылшын тіліне ұқсас көп сөздерді ести аламыз. Себебі, жапондар ағылшын тілінен сөздерді күнделікті қолданысқа алған. Өздерінің фонетикалық ерекшеліктеріне орай өзгерістерге ұшырағанымен, мағынасы өзгермеді. Олар қарапайым, инжинер, автобус, пианино, ас үйі, жиде деген сөздерді алған болатын. Мысалы, «visa» сөзі жапонша өзгерістерге ұшырап «bisa», ал «golf» сөзі «gogufu» деп оқылады.

Ал, ағылшын тілінің негізі - латын алфавиты басқа да көп елдермен қолданылады. Мысалы, Түркия, кейбір Солтүстік Америка елдерінде, тіпті, Мьянма жеріне дейін қолданылысқа ие. Өлі тіл – эсперантоның өзі латын тілінде деген деректер бар. Әлем шарының әр оқу білетін тұлғасы латын әліпбиін оқи алады десек артық болмас. Бұл ағылшын тілінің арқасында десе болады. Себебі, латын әліпбиін қолданатын тілдердің арасында ағылшын тілі ең - танымал. Латын әліпбиінде 26 әріп бар, бірақ әр тілде дыбысталуы әр түрлі.

Ағылшын тілінің барлық салада маңыздылығы бар екенін түсінген Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан 2050» стратегиясында: «Орыс тіліне және кириллицаға біз қазақ тіліне қандай қамқорлықпен қарасак, сондай қамқорлықпен қарауымыз керек. Орыс тілін білу - біздің ұлтымыздың тарихи артықшылығы екені баршаға белгілі. Дәл осы орыс тілі арқылы қазақстандықтар бірнеше ғасыр бойы қосымша білім алып, ел ішінде де, шет жерлерде де өз дүниетанымдары мен араласатын ортасын кеңейтіп келе жатқанын жоққа шығармауға тиіспіз. Біз ағылшын тілін игеруде серпіліс жасауымыз керек. Қазіргі әлемнің осы «лингва франкасын» меңгеру біздің еліміздің әрбір азаматына өмірдегі шексіз жаңа мүмкіндіктерді ашады» деп айтқан болатын[3].

Еліміз үш тілді саясат ұстанып, ағылшын тілін негізгі тіл ретінде қолданысқа енгізуі оның маңыздылығын арттыра түсетіндігі анық. Елімізге жылына шамамен жеті миллион турист сапар шегеді екен. Ал, барлық Қазақстанға келген қонақ ағылшын тіліне сүйеніп келетіні мәлім. Бұл дегеніміз көптеген қазақстандық азамат ағылшын тілінде еркін сөйлей білуі керек. Кез келген туристті еліміздегі әлемдік тілдің қандай дәрежеде екендігін білу қызықтырады. Сондықтан мемлекеттің қарауындағы мектеп мекемелері ағылшын тілін негізгі пән ретінде оқытады. Сонымен қатар көптеген ірі аудандарда ағылшын тілі мамандары қосымша сабақтар өткізеді. Әрбір ағылшын тілінің маңызын түсінген азамат бүгінде еркін сөйлеуге ұмтылуда. Айта кету керек, кейбір оқу орындары сабақтарын ағылшын тілінде өткізеді. Осы арқылы еліміздің мектеп оқушылары шет елдерде оқушы алмасу арқылы білім алады.

Абай Құнанбаевтың «Бір тіл білсең бір адамсың, екі тіл білсең екі адамсың» сөзі кез келген адамға арналады[4]. Бұл сөз өткен ғасырда айтылған болса да, бүгінгі таңда да өзекті болмақ. Бірнеше тілдің, әсіресе, ағылшын тілін білу ешқандай ұлт таңдамайтыны - біздің осы тілді оқуымызға себеп болады. Ағылшын тілі қазірде мемлекеттер арасындағы көрінбейтін көпірдей. Әртүрлі халықтардың бірін-бірі түсінуіне, қарым-қатынас жасауына көмектесетін көпірдей. Сондықтан да, барша Жер тұрғынының әлем тілін білуін маңызды деп санаймын.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. <http://stuki-druki.com/Aforizmi-Chehov.php>
2. https://kk.m.wikipedia.org/wiki/Ағылшын_тілі
3. Қазақстан - 2050" стратегиясы. 7.3. Қазақ тілі және тілдердің үштұғырлығы, 2014.
4. Абай Құнанбаев., Қара сөздер. 2013, 56 б.